

**"ТҰҒЫР" біліктілікті
арттыру орталығы**

**"Центр повышения
квалификации "ТҰҒЫР"**

**Педагогикалық қызметкерлерінің біліктілікті арттыру курсының
«Балалардың даму ерекшеліктерін қолдаудағы дефектологиялық қызметтің
рөлі» тақырыбындағы дефектологтарға арналған оқу бағдарламасы**

Сағат саны: 80 ак.сағ.

Қордай 2026

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының өзектілігі (әрі қарай – Бағдарлама).

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың (ЕББҚ) сапалы білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету – Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл үдеріс жалпы білім беретін мектептердің, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған балабақшадағы топтардың дефектологтарына, психологиялық-педагогикалық кеңес беру орталықтарының (ППКО), ПМПК мамандарының, арнайы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруді талап етеді.

Білім беру кеңістігінде дефектологиялық қызмет қоғамдағы әлеуметтік, демографиялық және білім беру жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге сәйкес қарқынды дамып отыр. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар санының артуы, инклюзивті білім беру саясатының кеңеюі және ерте қолдаудың маңыздылығы дефектолог мамандардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды күшейтуде. Осы жағдайларда дефектологиялық қызмет мазмұнын жаңарту, кәсіби құзыреттілікті арттыру және түзете-дамыту жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады.

Заманауи дефектологиялық қызметтің негізгі трендтерінің бірі – инклюзивті білім берудің басым бағытқа айналуы. Бұл дефектологтың қызмет аясын тек арнайы мекемелермен шектемей, жалпы білім беретін мектептерде, балабақшаларда және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) жағдайында пәнаралық команда құрамында жұмыс істеуін талап етеді. Инклюзивті ортада дефектолог білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қолдаудың икемді және тиімді моделін жүзеге асырады.

Ерте диагностика және ерте араласу да дефектологиялық қызметтің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Баланың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтау және түзете-дамыту көмегін уақытылы ұйымдастыру баланың әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді. Бұл бағыт балабақшаға дейінгі кезеңнен бастап жүйелі мониторинг жүргізуді, профилактикалық жұмысты және ата-аналармен тығыз өзара әрекетті қамтиды.

Қазіргі дефектологияда баланың жеке даму траекториясын құру маңызды трендке айналуға. Стандартталған тәсілдерден гөрі баланың психофизикалық ерекшеліктерін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеретін жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу түзете-дамыту жұмысының нәтижелілігін арттырады және білім беру процесінің даралануын қамтамасыз етеді.

Дефектологиялық қызметтің тиімділігі пәнаралық және командалық өзара әрекетке тікелей байланысты. Дефектологтың педагог-психолог, логопед,

әлеуметтік педагог, тәрбиеші және ата-анамен бірлескен жұмысы баланың жан-жақты дамуын қолдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты кәсіби коммуникация мен командалық жұмыс дағдыларын дамыту дефектолог маманның маңызды құзыреттерінің бірі ретінде қарастырылады.

Заманауи тәжірибеде деректерге негізделген түзету жұмысы кеңінен қолданыла бастады. Баланың даму динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалық нәтижелерді талдау және түзете-дамыту жұмысының тиімділігін бағалау дефектологтың кәсіби қызметінде аналитикалық ойлау мен мониторинг жүргізу дағдыларын талап етеді. Бұл тәсіл түзету процесін ғылыми негізде жоспарлауға мүмкіндік береді.

Цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану да дефектологиялық қызметтің маңызды трендтерінің бірі болып табылады. Интерактивті бағдарламалар, цифрлық ресурстар және компенсаторлық құралдар түзете-дамыту жұмысының мазмұнын байытып, баланың оқу мотивациясын арттыруға және білім беру процесін қолжетімді етуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, отбасыға бағытталған қолдау моделі қазіргі дефектологиялық қызметтің ажырамас бөлігіне айналуда. Ата-аналарды түзету үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде тарту, кеңес беру және оқыту арқылы баланың дамуындағы оң өзгерістерге қол жеткізу мүмкіндігі артады.

Инклюзивті мәдениет пен адамға бағдарланған тәсіл де дефектологиялық қызметтің заманауи бағытын айқындайды. Білім беру ұйымдарында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру, баланың құқығын сақтау, әлеуметтенуін және эмоционалдық жай-күйін қолдау дефектолог қызметінің маңызды міндеттері болып табылады.

Сонымен қатар, дефектолог мамандардың үздіксіз кәсіби дамуы мен практикалық бағдарлануы да өзекті трендтердің қатарында. Теориялық білімді тәжірибелік кейстермен, практикалық тапсырмалармен және кәсіби рефлексиямен ұштастыру дефектологиялық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы аталған заманауи трендтерді ескере отырып, дефектологтарға арналған біліктілікті арттыру курстарының мазмұны қазіргі білім беру талаптарына сай жаңартылып, тәжірибеге бағытталған кәсіби қолдауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Осыған байланысты дефектолог мамандардың диагностика, түзету, сүйемелдеу және ата-анамен жұмыс жүргізу саласындағы кәсіби даярлығы ерекше маңызға ие.

Цифрландыру және білім беру мазмұнының жаңаруы дефектологиялық қызметке де жаңа талаптар қояды. Арнайы педагогикада цифрлық диагностикалық құралдарды, электрондық ресурстарды, интерактивті платформаларды және заманауи түзету технологияларын қолдану балалардың даму динамикасын тиімді бақылауға және жеке білім беру маршруттарын құруға мүмкіндік береді.

Заманауи дефектологиялық тәжірибеде деректерге негізделген тәсіл ерекше орын алады. Бұл баланың даму картасын, мониторинг нәтижелерін, психологиялық-педагогикалық бағалау деректерін жүйелі талдауға және соның негізінде түзете-дамыту жұмысының тиімді стратегияларын таңдауға бағытталған.

Сонымен қатар дефектологиялық қызметті ұйымдастыруда командалық өзара әрекет пен ведомствоаралық байланыс маңызды рөл атқарады. ПМПК, балабақша, мектеп, арнайы білім беру ұйымдары арасындағы сабақтастық баланың үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Инклюзивті және адамға бағдарланған тәсіл дефектологтың кәсіби қызметінің өзегіне айналуда. Бұл әр баланың жеке ерекшелігін, қажеттілігін, мүмкіндігін ескеруге, қолайлы психологиялық-педагогикалық орта қалыптастыруға және әлеуметтенуін қолдауға көмектеседі.

Осы өзекті мәселелерді ескере отырып, педагогикалық қызметкерлердің қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курсының «Дефектологиялық қызмет және балалардың даму ерекшеліктерін қолдау» тақырыбындағы оқу бағдарламасы әзірленді.

Бағдарлама жалпы білім беретін мектептердің, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған балабақшадағы топтардың дефектологтарына, психологиялық-педагогикалық кеңес беру орталықтардың (ППКО), ПМПК мамандарына, , арнайы педагогтерге балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру және инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Заманауи дефектологиялық қызмет – бұл баланың дамуындағы ауытқуларды ерте диагностикалау, жеке қолдау көрсету, түзете-дамыту бағдарламаларын іске асыру және білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен тиімді өзара әрекет орнатуды қамтитын кешенді жүйе.

Бағдарламада дефектологиялық қызметтің келесі өзекті бағыттарына ерекше назар аударылады:

- балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері;
- дефектологиялық диагностика және мониторинг;
- түзете-дамыту жұмыстарының заманауи әдістері;
- инклюзивті білім беру жағдайындағы дефектологтың рөлі;
- цифрлық және инновациялық технологияларды қолдану;
- ата-аналармен және педагогтермен кәсіби ынтымақтастық;
- мультидисциплинарлық командада жұмыс істеу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері және білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары ерекше білім беруді

қажет ететін балаларды қолдауды және дефектолог мамандардың кәсіби дамуын стратегиялық басымдық ретінде айқындайды.

Бағдарлама мазмұны тыңдаушыларға:

- балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби тұрғыда талдауға;
- дефектологиялық диагностиканы тиімді жүргізуге;
- түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға;
- инклюзивті ортада кәсіби қызметті ұйымдастыруға;
- цифрлық құралдарды түзету жұмысында қолдануға;
- ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен нәтижелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның әзірленуіне негіз болған факторлар:

- инклюзивті білім беру жүйесінің кеңеюі;
- дефектолог мамандарға қойылатын кәсіби талаптардың артуы;
- балалардың дамуындағы күрделі және кешенді ерекшеліктердің көбеюі;
- дефектологиялық қызметте заманауи технологияларды қолдану қажеттілігі;
- ПМПК және білім беру ұйымдары арасындағы өзара байланысты күшейту қажеттілігі.

Курсты әзірлеу барысында республика өңірлеріндегі балабақшалар, жалпы білім беретін мектептер, арнайы білім беру ұйымдары мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК) жүйесінде қызмет ететін дефектолог-мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді.

Нәтижелер бойынша:

- 74% – балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу бойынша білімін жетілдіру қажеттігін;
- 69% – инклюзивті білім беру жағдайында дефектологиялық қолдау мен командада (педагог-психолог, логопед, әлеуметтік педагог, тәрбиеші) жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мұқтаж екенін;
- 63% – ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың даму динамикасын бағалау, мониторинг жүргізу және құжаттаманы тиімді ұйымдастыру құралдарын меңгергісі келетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарлама мазмұны төмендегі бағыттарды қамтиды:

- дефектологиялық қызметтің заманауи теориялық негіздері;
- балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін бағалау және диагностикалау;
- түзете-дамыту жұмысының заманауи әдістері мен технологиялары;
- инклюзивті білім беру жағдайында дефектологтың кәсіби қызметі;
- пәнаралық командамен (ПМПК, педагогтер, ата-аналар) тиімді өзара әрекет ету;

– даму нәтижелерін мониторингтеу және түзету жұмысының тиімділігін бағалау;

– цифрлық және әдістемелік құралдарды дефектологиялық тәжірибеде

Бағдарлама Қазақстан Республикасының келесі нормативтік-құқықтық актілеріне сүйенеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (2017 ж.) – білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби дамуын және арнайы білім беруді реттейді.

2. Балалардың құқықтары туралы Конвенциясы (БҰҰ, 1989 ж.) – балалардың дамуы мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

3. Міндетті жалпы білім беру стандарты және арнайы білім беру бағдарламалары – психологиялық-педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін анықтайды.

4. Педагогтардың біліктілігін арттыру туралы ҚР Үкіметінің қаулылары – педагог қызметкерлерге арналған қайта даярлау және біліктілікті арттыру тәртібін белгілейді.

5.«Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы;

6. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы;

7. Дефектология және инклюзивті білім беру стандарттары – балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес білім беру мен түзету қызметін ұйымдастыруды реттейді.

Бағдарламаның мақсаты балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, дефектологиялық қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері

– Балалардың даму ерекшеліктерін зерттеу және бағалау әдістерімен таныстыру.

– Дефектологиялық диагностика мен коррекциялық жұмыстың әдістемелерін меңгерту.

– Инклюзивті білім беру жағдайында балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету тәсілдерін үйрету.

– Дефектологтардың кәсіби құзыреттерін дамыту (клиентке бағытталған, әдістемелік, этикалық, коммуникативтік).

– Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, оқу-түзету жұмысының тиімділігін арттыру.

Дефектологтың кәсіби құзыреттері

Бағдарлама аяқталған соң педагог:

1. Психологиялық-педагогикалық құзыреттер:

– Балалардың даму деңгейін анықтау, талдау және коррекция жасау.

– Даму ерекшеліктері бар балалардың оқу үдерісінде кездесетін қиындықтарды шешу.

2. Әдістемелік құзыреттер:

– Дефектологиялық диагностика және түзету бағдарламаларын әзірлеу және қолдану.

– Инклюзивті сабақтар мен арнайы түзету шараларын ұйымдастыру.

3. Коммуникативтік құзыреттер:

– Балалармен, ата-аналармен және педагогтармен тиімді өзара әрекеттесу.

– Командалық жұмысқа қатысу және кәсіби кеңестер беру.

4. Этикалық құзыреттер:

– Балалардың құқықтарын сақтау және кәсіби этика талаптарын орындау.

5. Ақпараттық-құзыреттіліктер:

– Жаңа білім беру технологияларын қолдану (Цифрлық платформалар, коррекциялық бағдарламалар).

– Педагогикалық зерттеулер жүргізу және нәтижелерін талдау.

«Дефектологиялық қызмет және балалардың даму ерекшеліктерін қолдау» тақырыбындағы бұл бағдарлама дефектолог мамандардың кәсіби әлеуетін арттыруға, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы қолдау көрсетуге және инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған өзекті әрі тәжірибеге бағдарланған оқу бағдарламасы болып табылады.

2. Глоссарий

Адамға бағдарланған тәсіл	баланың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен әлеуетін басты назарға алатын педагогикалық көзқарас.
Ассистивті технологиялар	ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқуына, қарым-қатынасына және дербестігіне қолдау көрсететін техникалық және цифрлық құралдар.
Даму мониторингі	баланың даму динамикасын жүйелі түрде бақылау, тіркеу және талдау үдерісі
Деректерге негізделген тәсіл (Data-driven approach)	диагностика, мониторинг және бағалау нәтижелеріне сүйене отырып түзете-дамыту жұмысын жоспарлау және іске асыру әдісі
Арнайы педагогика	ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың дамуындағы ауытқуларды анықтауға, алдын алуға, түзетуге және әлеуметтенуін қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық көмектің жүйесі
Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар (ЕБҚ)	психикалық, физикалық, сенсорлық немесе мінез-құлықтық дамуында ерекшеліктері бар және арнайы білім беру қолдауын қажет ететін балалар
Ерте араласу (Early Intervention)	баланың дамуындағы қиындықтарды азайту мақсатында ерте жастан басталатын кешенді түзете-дамыту және қолдау шаралары.
Ерте диагностика	баланың дамуындағы ауытқуларды ерте жаста анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және медициналық зерттеу үдерісі.
Жеке білім беру траекториясы	білім алушының даму ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, тәрбиелеу және қолдау жолдарының жеке бағыты.
Жеке даму бағдарламасы (ЖДБ)	баланың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып әзірленетін түзете-дамыту жұмысының жүйеленген жоспары.
Инклюзивті білім беру	барлық білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың, тең қолжетімділік пен қолдауға

	негізделген бірлескен білім алуын қамтамасыз ететін білім беру моделі
Инклюзивті мәдениет	білім беру ұйымында теңдік, толеранттылық, қолдау және өзара құрмет қағидаттарына негізделген орта.
Кәсіби рефлексия	дефектологтың өз қызметін талдау, бағалау және жетілдіру мақсатында ой елегінен өткізу үдерісі.
Компенсаторлық құралдар	баланың функционалдық шектеулерін азайтуға немесе орнын толтыруға арналған арнайы әдістер мен ресурстар.
Отбасыға бағытталған қолдау	ата-аналарды түзете-дамыту үдерісіне белсенді қатыстыруға және олардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған тәсіл.
Пәнаралық команда	дефектолог, педагог-психолог, логопед, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, сынып жетекшісі және ата-анадан тұратын кәсіби бірлескен топ.
Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК)	баланың даму ерекшеліктерін анықтап, білім беру және түзету бағыттары бойынша ұсыныстар беретін арнайы мекеме.
Түзете-дамыту жұмысы	баланың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге және оның танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық әрекет
Үздіксіз кәсіби даму	маманның кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттыруға бағытталған оқыту, тәжірибе алмасу және өзін-өзі жетілдіру үдерісі.

3. Бағдарлама тақырыбы

Ұсынылып отырған педагогикалық қызметкерлердің біліктілікті арттыру курсы дефектологиялық қызметті заманауи ғылыми-әдістемелік және инклюзивті білім беру қағидаттары негізінде жетілдіруге бағытталған. Қазіргі білім беру кеңістігінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың санының артуы, инклюзивті білім беру саясатының кеңеюі және ерте қолдаудың маңыздылығы дефектолог мамандардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Жаһандану, білім беру мазмұнының жаңаруы, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және бала дамуына бағытталған гуманистік көзқарастың күшеюі дефектологиялық қызметте дәстүрлі түзету тәсілдерінен гөрі баланың жеке даму ерекшеліктерін ескеретін, деректерге негізделген және командалық өзара әрекетке сүйенген жаңа модельдерді енгізуді талап етеді. Бұл жағдайда дефектологтың кәсіби қызметі тек түзете-дамыту жұмыстарымен шектелмей, диагностика, мониторинг, жеке даму траекториясын құру, ата-анамен және пәнаралық мамандармен тиімді ынтымақтастық орнату дағдыларын қамтуы тиіс.

Осыған байланысты дефектолог маманнан:

– баланың психофизикалық даму ерекшеліктерін ғылыми негізде диагностикалау;

– жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асыру;

– түзете-дамыту жұмысының тиімді әдістері мен технологияларын қолдану;

– деректерге негізделген кәсіби шешімдер қабылдау;

– цифрлық және ассистивті технологияларды пайдалану;

– инклюзивті ортада пәнаралық команда құрамында жұмыс істей білу;

– ата-аналармен серіктестікке негізделген қолдау көрсету талап етіледі.

Аталған курс дефектолог маманды:

– баланың даму ерекшеліктерін терең түсінетін;

– инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызмет атқара алатын;

– заманауи түзете-дамыту және диагностикалық технологияларды меңгерген;

– деректерге негізделген кәсіби шешім қабылдай алатын;

– өзгермелі білім беру ортасына бейімделген кәсіби тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама дефектологиялық қызметті ұйымдастыруда:

- заманауи дефектологияның теориялық-әдіснамалық негіздерін;
- инклюзивті білім беру жағдайындағы дефектологтың кәсіби рөлін;
- ерте диагностика және ерте араласу модельдерін;
- баланың жеке даму траекториясын құру тәсілдерін;
- деректерге негізделген түзете-дамыту жұмысын;
- цифрлық және ассистивті технологияларды;
- отбасымен және пәнаралық командамен жұмыс жүргізу әдістерін тиімді қолдана алатын дефектолог мамандарды даярлауға арналған.

Курста қамтылатын негізгі бағыттар

Бағдарлама мазмұны бұрынғы курстарда жүйелі түрде жеткілікті қамтылмаған келесі өзекті бағыттарды біріктіреді:

- дефектологиялық қызметтің заманауи теориялық негіздері;
- балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау;
- ерте қолдау және ерте араласу (early intervention);
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- түзете-дамыту жұмысының тиімді әдістері мен технологиялары;
- деректерге негізделген түзету жұмысы (data-driven approach);
- цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану;
- пәнаралық командалық өзара әрекет және кәсіби коммуникация;
- отбасына бағытталған қолдау моделі;
- инклюзивті мәдениет пен адамға бағдарланған тәсіл.

Бағдарламаның жаңашылдығы:

1. Инклюзивті білім беру жағдайындағы дефектологтың кәсіби рөліне басымдық беру. Бағдарламада дефектологтың жалпы білім беру ортасында пәнаралық команда құрамында жұмыс істеу ерекшеліктері кеңінен қарастырылады.

2. Ерте диагностика және ерте араласу тәсілдерін енгізу. Баланың дамуындағы ауытқуларды ерте кезеңде анықтау және дер кезінде қолдау көрсету жолдары ұсынылады.

3. Деректерге негізделген түзете-дамыту жұмысы. Диагностикалық мәліметтерге сүйене отырып түзету бағдарламаларын жоспарлау және нәтижелілігін бағалау тәсілдері қамтылады.

4. Цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану. Дефектологиялық тәжірибеде заманауи цифрлық құралдар мен компенсаторлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады.

5. Отбасымен серіктестікке негізделген қолдау моделі. Ата-аналарды түзету үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде тарту жолдары ұсынылады.

Аналогтік бағдарламаларға салыстырмалы талдау

- диагностикалық және түзете-дамыту дағдыларын жеткілікті деңгейде қалыптастырмайды;
- деректерге негізделген тәсілдерді шектеулі қолданады;
- цифрлық және ассистивті технологияларды үстірт қарастырады;
- пәнаралық командалық жұмысты жүйелі түрде қамтымайды.

Ұсынылып отырған бағдарламаның артықшылықтары:

- теория мен практиканың өзара сабақтастығы;
- нақты түзете-дамыту жағдайларына негізделген кейстердің қолданылуы;
- дефектологтың кәсіби рефлексиясын дамыту;
- инклюзивті білім беру саласындағы заманауи трендтерге сүйенуі;
- баланың дамуын кешенді қолдауға бағытталған қолданбалы сипатқа ие болуы.

Диагностикалық бағалау	1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің дефектологиялық құзыреттері, балалардың даму ерекшеліктерін бағалау және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін анықтау жүргізіледі
1-модуль. Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер	1.1-тақырып Дефектологияның заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері
	1.2-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау және дефектологтың кәсіби рөлі
	1.3-тақырып Жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асыру
	1.4-тақырып Балалардың түзете-дамыту жұмысы мен педагогикалық қолдауды ұйымдастырудағы цифрлық және ассистивті технологиялар
	1.5-тақырып Балалардың даму сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі
	1.6-тақырып Пәнаралық команда құрамында жұмыс істеу және адами ресурстарды тиімді басқару

	1.7-тақырып Тиімді коммуникация, кәсіби ынтымақтастық және конфликтология негіздері
	1.8-тақырып Балалардың даму динамикасын талдау және деректерге негізделген түзету жұмысы
	1.9-тақырып Дефектолог маманның кәсіби рефлексиясы және өзара тәжірибе алмасу
	1.10-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін және дефектологиялық қызмет тиімділігін диагностикалау құралдары
2-модуль (таңдаулы модуль) Мектептегі дефектологиялық қызметтің инновациялық тәсілдері	2.1-тақырып Икемді түзете-дамыту модельдері және инклюзивті көшбасшылық
	2.2-тақырып Инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму
3-модуль. Дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу	3.1-тақырып Заманауи дефектологиялық тәсілдер негізінде практикалық кейстерді әзірлеу, іске асыру және талдау
Қорытынды бағалау	Курс барысында меңгерілген дефектологиялық құзыреттер, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және түзете-дамыту дағдыларының қалыптасу деңгейі бағаланады

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Педагогикалық қызметкерлердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың даму ерекшеліктерін кәсіби деңгейде диагностикалау, түзете-дамыту жұмыстарын ғылыми негізде жоспарлау және жүзеге асыру қабілетін арттыру.

Бағдарлама арнайы педагогика мамандарға баланың жеке даму траекториясын жобалауға, инклюзивті ортада тиімді жұмыс істеуге, пәнаралық өзара әрекетті ұйымдастыруға және заманауи диагностикалық, цифрлық және ассистивті технологияларды қолдануға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Міндеттері

- арнайы педагогика қызметінің заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін және оның білім беру сапасына ықпалын ашып көрсету;
- балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау дағдыларын қалыптастыру;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру алгоритмдерін меңгерту;
- түзете-дамыту жұмыстарын баланың жас, жеке және білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жоспарлау қабілетін дамыту;
- балалардың когнитивтік, сөйлеу, эмоционалдық-ерік және әлеуметтік дамуын қолдаудың тиімді әдістерін үйрету;
- инклюзивті білім беру қағидаттарын практикада жүзеге асыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру;
- пәнаралық команда құрамында тиімді жұмыс істеу, ата-анамен кәсіби серіктестік орнату құзыреттерін дамыту;
- арнайы педагогика қызметінде цифрлық және ассистивті технологияларды қолдану стратегияларын ұсыну;

– даму динамикасын мониторингтеу, деректерге негізделген шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру;

– дефектологтың кәсіби рефлексиясын, өзін-өзі бағалау және жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлау қабілетін нығайту.

Күтілетін нәтижелер

Курс соңында тыңдаушылар:

– арнайы педагогика қызметінде балалардың жан-жақты дамуын қолдаудағы ролін және оның инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызын түсінеді;

– балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалап, нәтижелерін талдай алады;

– жеке даму бағдарламаларын әзірлеп, түзете-дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастырады;

– баланың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді практикада қолданады;

– ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен инклюзивті ортада жүйелі жұмыс жүргізе алады;

– даму динамикасына мониторинг жасап, деректерге негізделген кәсіби шешім қабылдайды;

– цифрлық және ассистивті құралдарды түзете-дамыту процесінде мақсатты әрі тиімді қолданады;

– пәнаралық командада және ата-анамен кәсіби серіктестік негізінде өзара әрекет етеді;

– өз кәсіби қызметіне рефлексия жасап, жеке даму траекториясын жоспарлайды;

– ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес арнайы педагогикада кәсіби құзыреттерін көрсетеді.

Бұл бағдарлама арнайы педагогика мамандарының кәсіби әлеуетін арттыруға, арнайы педагогика сапасын жетілдіруге және балалардың даму ерекшеліктерін жүйелі әрі ғылыми негізде қолдауға бағытталған.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Оқу бағдарламасы үш модульден және қорытынды бағалаудан тұрады және дефектолог мамандардың балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, түзету-дамыту, жеке бағдарланған бағдарламалар әзірлеу, инклюзивті білім беру және отбасымен жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – дефектологиялық қызмет саласында теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыра отырып, кәсіби құзыреттілікті арттыру.

Диагностикалық бағалау. Бағдарламаның бастапқы кезеңінде 1-модуль аясында қатысушылардың дефектологиялық диагностика, түзету-дамыту жұмыстары, инклюзивті білім беру және отбасыға бағытталған қолдау саласындағы бастапқы құзыреттерін анықтау үшін диагностикалық бағалау жүргізіледі. Бұл нәтиже әр модуль бойынша жеке мақсаттар мен практикалық тапсырмаларды бейімдеуге мүмкіндік береді.

1-модуль. Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер.

Мақсаты: Дефектологиялық қызмет саласындағы заманауи теориялық білімді меңгерту, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және бағалау негіздерін түсіндіру арқылы педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыру. Бұл модуль қатысушыларға дефектологиялық диагностика, ерте араласу, жеке бағдарланған түзету-дамыту бағдарламаларын құру және қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді..

Мазмұны:

- балалардың даму ерекшеліктерін зерттеудің теориялық негіздері;
- ерекше білім беруге қажеттіліктерді анықтау әдістемелері;
- дефектологиялық диагностика мен бақылаудың құралдары;

- жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) құру негіздері;
- ерте араласу және профилактикалық қолдау стратегиялары;
- деректерге негізделген диагностика және түзету-дамыту жоспарлау;
- инклюзивті білім беру мен отбасыға бағытталған қолдау принциптері.

Практикалық жұмысқа: диагностикалық тапсырмаларды орындау, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу, кейс-стади талдау, топтық пікірталастар және түзету-дамыту стратегияларын жоспарлау жаттығулары кіреді.

2-модуль. Заманауи дефектологиялық әдістер мен инклюзивті тәсілдер

Модульдің мақсаты – заманауи дефектологиялық әдістерді, инклюзивті білім беру және ассистивті технологияларды қолдануды меңгеру.

Мазмұны:

- инклюзивті білім беру тәжірибелері;
- ассистивті және цифрлық технологияларды қолдану;
- баланың жеке даму траекториясын құру;
- ерте араласу және түзету-дамыту әдістері;
- отбасыға бағытталған қолдау және ата-аналармен жұмыс

стратегиялары.

Практикалық жұмысқа: кейстерді талдау, жеке бағдарланған түзету жоспарларын құру, цифрлық ресурстар мен ассистивті құралдарды қолдану жаттығулары кіреді.

3-модуль. Дефектологиялық практикалық қызмет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модульдің мақсаты – дефектологтардың практикалық қызметін жетілдіру және кәсіби өзара тәжірибе алмасуды дамыту.

Мазмұны:

- дефектологиялық қызметте командалық өзара әрекет;
- жеке және топтық түзету-дамыту жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру;
- қиын балалармен жұмыс жағдайларын талдау;
- кәсіби рефлексия және түзету нәтижелерін бағалау;

– пәнаралық және инклюзивті командаларда жұмыс дағдылары.

Практикалық жұмысқа: демонстрациялық кейстерді талдау, мини-жобаларды әзірлеу және қорғау, өзара бағалау, топтық талқылаулар, кері байланыс және түзету іс-әрекетін жоспарлау.

Қорытынды бағалау

Барлық модульдерді аяқтаған соң қатысушылар қорытынды тестілеуден өтеді және қорытынды жұмыс ұсынады (мини-жоба, кейс-стади немесе презентация). Бағалау қатысушылардың дефектологиялық диагностика, түзету-дамыту, жеке бағдарланған бағдарламаларды әзірлеу, инклюзивті білім беру және отбасымен жұмыс дағдыларын меңгеру деңгейін көрсетеді.

<p>Диагностикалық бағалау</p>	<p>1-модуль аясында педагогикалық қызметкерлердің дефектологиялық құзыреттері, балалардың даму ерекшеліктерін бағалау және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру деңгейін анықтау жүргізіледі</p>
<p>1-модуль. Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер</p>	<p>1.1-тақырып Дефектологияның заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері Қысқаша мазмұны: Дефектология ғылымының негізгі бағыттары, даму үрдістері, инклюзивті білім беру принциптері мен заманауи зерттеу әдістері</p> <p>1.2-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау және дефектологтың кәсіби рөлі Қысқаша мазмұны: Балалардың даму ерекшеліктерін анықтау әдістері, диагностикалық құралдар, дефектологтың интервенциялық және бағалау рөлі</p> <p>1.3-тақырып Жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асыру Қысқаша мазмұны: Жеке даму бағдарламаларының құрылымы, мақсаттары, мазмұны мен түзету-дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері.</p> <p>1.4-тақырып Балалардың түзете-дамыту жұмысы мен педагогикалық қолдауды ұйымдастырудағы цифрлық және ассистивті технологиялар Қысқаша мазмұны: Цифрлық құралдар мен ассистивті технологияларды қолдану арқылы түзете-дамыту жұмысының тиімділігін арттыру әдістері</p>

	<p>1.5-тақырып Балалардың даму сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі Қысқаша мазмұны: Даму сапасын бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу, ішкі бақылау және кері байланыс жүйелерін ұйымдастыру</p>
	<p>1.6-тақырып Пәнаралық команда құрамында жұмыс істеу және адами ресурстарды тиімді басқару Қысқаша мазмұны: Командалық жұмыс әдістері, әріптестермен өзара іс-қимыл, педагогикалық және психологиялық қолдау тәсілдері</p>
	<p>1.7-тақырып Тиімді коммуникация, кәсіби ынтымақтастық және конфликтология негіздері Қысқаша мазмұны: Кәсіби қарым-қатынас, тиімді коммуникация, педагогикалық ұжымда конфликтілерді басқару дағдылары</p>
	<p>1.8-тақырып Балалардың даму динамикасын талдау және деректерге негізделген түзету жұмысы Қысқаша мазмұны: Даму көрсеткіштерін талдау, деректерді қолдану арқылы түзету-дамыту іс-әрекеттерін жоспарлау</p>
	<p>1.9-тақырып Дефектолог маманның кәсіби рефлексиясы және өзара тәжірибе алмасу Қысқаша мазмұны: Кәсіби тәжірибені талдау, өзін-өзі бағалау, рефлексия әдістері және әріптестермен тәжірибе алмасу</p>
	<p>1.10-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін және дефектологиялық қызмет тиімділігін диагностикалау құралдары Қысқаша мазмұны: Дефектологиялық қызметтің сапасын бағалайтын диагностикалық құралдар, әдістемелік ұсыныстар, интервенциялық көрсеткіштер</p>
<p>2-модуль Вариативті Мектептегі дефектологиялық қызметтің инновациялық тәсілдері</p>	<p>2.1-тақырып Икемді түзете-дамыту модельдері және инклюзивті көшбасшылық Қысқаша мазмұны: Икемді интервенциялық модельдерді қолдану, балалардың ерекше қажеттіліктерін қолдауда инклюзивті көшбасшылық</p>

	<p>2.2-тақырып Инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму Қысқаша мазмұны: Инклюзивті мектепте мәдени құндылықтарды қалыптастыру, балалар мен педагогтарды ынталандыру, тұрақты даму принциптері</p>
<p>3-модуль. Микрооқыту Дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу</p>	<p>3.1-тақырып Заманауи дефектологиялық тәсілдер негізінде практикалық кейстерді әзірлеу, іске асыру және талдау Қысқаша мазмұны: Тыңдаушылар нақты кейстерді әзірлеп, жүзеге асырады, тәжірибелік талдау жасайды, өзара бағалау және кері байланыс арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді</p>
<p>Қорытынды бағалау</p>	<p>Курс барысында меңгерілген дефектологиялық құзыреттер, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және түзете-дамыту дағдыларының қалыптасу деңгейі бағаланады Қысқаша мазмұны: Курс барысында меңгерілген дефектологиялық құзыреттер, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау және түзете-дамыту дағдыларының қалыптасу деңгейі бағаланады. Қорытынды бағалау қорытынды тест, мини-жоба, кейс-стади немесе презентация форматында жүргізіледі</p>

**80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық
курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтардың тақырыптары	Дәріс	Практикалық дәріс	Демо-сабақты тан-ру / Жобаны қорғау	Тестілеу / тәжірибе	Барлығы
	Диагностикалық бағалау				1	1
1	Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер	20	40	2		62
1.1	Дефектологияның заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері	2	2			4

1.2	Балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау және дефектологтың кәсіби рөлі	2	4			6
1.3	Жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асыру	2	4			6
1.4	Балалардың түзете-дамыту жұмысы мен педагогикалық қолдауды ұйымдастырудағы цифрлық және ассистивті технологиялар	2	4			6
1.5	Балалардың даму сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі	2	4			6
1.6	Пәнаралық команда құрамында жұмыс істеу және адами ресурстарды тиімді басқару	2	4			6
1.7	Тиімді коммуникация, кәсіби ынтымақтастық және конфликтология негіздері	2	4	2		8
1.8	Балалардың даму динамикасын талдау және деректерге негізделген түзету жұмысы	2	6			8
1.9	Дефектолог маманның кәсіби рефлексиясы және өзара тәжірибе алмасу	2	4			6
1.1	Балалардың даму ерекшеліктерін және дефектологиялық қызмет тиімділігін диагностикалау құралдары	2	4			6
2	Мектептегі дефектологиялық қызметтің инновациялық тәсілдері	4	4			8
2.1	Икемді түзете-дамыту модельдері және инклюзивті көшбасшылық	2	2			4
2.2	Инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму	2	2			4
3	Дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу			8		8
3.1	Заманауи дефектологиялық тәсілдер негізінде практикалық кейстерді әзірлеу, іске асыру, талдау			8		8
	Қорытынды бағалау				1	1
	Барлығы	24	44	10	2	80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Дефектологтарға арналған қысқа мерзімдегі біліктілікті арттыру курстары онлайн және офлайн форматында бекітілген оқу жоспары (ОЖП) негізінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің көлемі төмендегі модульдер бойынша бөлінеді:

– 1-модуль «Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер» – 62 сағат;

– 2-модуль «Мектептегі дефектологиялық қызметтің инновациялық тәсілдері» – 8 сағат;

– 3-модуль «Дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу» –8 сағат;

Диагностикалық бағалау– 2 сағат.

Курс мазмұны жалпы білім беретін мектептердің, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған балабақшадағы топтардың дефектологтарына, психологиялық-педагогикалық кеңес беру орталықтардың (ППКО), ПМПК мамандарына, арнайы педагогтерге балалардың даму ерекшеліктерін анықтау, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру және инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыруға қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу процесі интерактивті, тәжірибеге бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге сүйене отырып ұйымдастырылады: Дәріс форматы: түсіндірмелі дәрістер; интерактивті, пікірталасқа құрылған дәрістер; онлайн веб-дәрістер (бейне, мультимедиа қолданып).

Семинарлар: тақырыптық талқылаулар; топтық жұмыс; кейс-талдау, балалардың даму ерекшеліктерін және дефектологиялық қызмет тиімділігін диагностикалау құралдары.

Практикалық сабақтар: контент талдау; фактчекинг жаттығулары; мәдениаралық коммуникация бойынша тренингтер; деректерді визуализациялау; цифрлық құралдармен практикалық жұмыс, дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу.

Онлайн білім беру құралдары: вебинарлар; цифрлық платформа материалдары; электронды ресурстар.

Сарапшы пікірлері: заманауи дефектологиялық тәсілдер негізінде практикалық кейстерді әзірлеу, іске асыру, талдау шеберлік сыныптар; тренингтер; кәсіби кездесулер.

Оқу процесінің ерекшеліктері: Бағалау жүйесі формативті және жиынтық бағалау қағидаттарына негізделеді. Тыңдаушылардың кәсіби жетістіктері оқу нәтижелерімен, практикалық тапсырмаларды орындаумен және микрооқыту сапасымен өлшенеді.

Практикалық жұмыс 1.«Дефектологиялық қызметті стратегиялық жоспарлауды талдау». Білім беру ұйымындағы дефектологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін стратегиялық жоспарлау қағидаларына сәйкес анықтау, балалардың даму нәтижелерін нақтылау және оларды инклюзивті білім беру талаптарымен сәйкестендіру.

Практикалық жұмыс 2.«Дефектологтың кәсіби рөлі және көшбасшылық тәсілдері». Дефектологтың кәсіби қызметіндегі жетекшілік, үйлестіруші және кеңесші рөлдерін талдау, пәнаралық командада тиімді көшбасшылықты дамытуға арналған іс-шаралар жоспарын құрастыру.

Практикалық жұмыс 3.«Даму ерекшеліктерін диагностикалау және деректерді қорғау». Балалардың даму ерекшеліктерін анықтауда қолданылатын диагностикалық әдістер мен құралдарды талдау, жеке деректердің құпиялылығын сақтау және этикалық нормаларға сәйкес жұмыс жүргізу ережелерін әзірлеу.

Практикалық жұмыс 4.«Цифрлық және ассистивті технологиялар арқылы түзете-дамыту жұмысын жоспарлау». Онлайн платформалар мен ассистивті технологияларды пайдалана отырып, түзете-дамыту сабақтарының құрылымын әзірлеу (бейімделген тапсырмалар, интерактивті жағтынулар, цифрлық бақылау құралдары).

Практикалық жұмыс 5.«Жеке даму бағдарламасын (ЖДБ/ИОП) әзірлеу». Нақты баланың даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, мақсаттар, күтілетін нәтижелер, түзету әдістері мен мониторинг құралдарын қамтитын жеке даму бағдарламасын құрастыру.

Практикалық жұмыс 6.«Нақты дефектологиялық құжаттармен жұмыс». Диагностикалық қорытындыларды, бақылау карталарын, түзете-дамыту жоспарларын талдау және оларды тиімді қолдануға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Практикалық жұмыс 7.«Баланың даму мотивациясын арттыру стратегиялары». Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған ойын технологиялары, мотивациялық әдістер және цифрлық құралдарды қолдану стратегияларын әзірлеу.

Практикалық жұмыс 8.«Бағалау және кері байланыс жүйесін ұйымдастыру». Балалардың даму динамикасын бағалауға арналған критерийлерді, сапалық және сандық көрсеткіштерді, ата-аналар мен педагогтерге тиімді кері байланыс беру үлгілерін дайындау.

Практикалық жұмыс 9.«Дефектологиялық мини-кейс әзірлеу және талдау». Нақты практикалық жағдай негізінде түзете-дамыту жұмысына арналған қысқа кейс әзірлеу, оны талдау, шешу жолдарын ұсыну және нәтижелер бойынша кәсіби рефлексия жасау.

Практикалық жұмыс 10.«Дефектологтың кәсіби портфолиосын әзірлеу». Авторлық түзете-дамыту бағдарламалары, диагностикалық материалдар, цифрлық ресурстар, практикалық жұмыстар мен кәсіби рефлексия негізінде жеке кәсіби портфолио құрастыру.

Ұсынылған практикалық жұмыстар тыңдаушылардың дефектологиялық, диагностикалық, түзете-дамыту, пәнаралық өзара әрекеттесу және цифрлық құзыреттіліктерін кешенді түрде дамытуға бағытталған. Әрбір жұмыс нақты білім беру ұйымдарындағы дефектологиялық тәжірибеге негізделіп, балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау, жеке даму бағдарламаларын әзірлеу және түзете-дамыту жұмысын тиімді ұйымдастыру дағдыларын заманауи тәсілдер арқылы қолдануға мүмкіндік береді.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1 – Модуль.

«Дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық негіздер»

Модульдің өзектілігі: Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету және олардың әлеуметтенуін қолдау – дефектологиялық қызметтің негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Балалардың даму

ерекшеліктерінің күрделене түсуі, психофизикалық дамуындағы ауытқулардың көптүрлілігі, сондай-ақ цифрлық және ассистивті технологиялардың білім беру процесіне енуі дефектолог мамандардан заманауи теориялық білімді, ғылыми негізделген диагностикалық тәсілдерді және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді модельдерін меңгеруді талап етеді.

Осы модуль дефектологиялық қызметтің заманауи тұжырымдамаларын меңгертуге, балалардың даму ерекшеліктерін кешенді бағалау және қолдау жүйесін ғылыми-әдістемелік тұрғыда түсіндіруге бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- дефектология саласындағы заманауи теориялық тұжырымдамалар мен даму үрдістерін жүйелі түрде меңгерту;
- балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау тәсілдері туралы ғылыми негізделген білім қалыптастыру;
- жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асырудың теориялық негіздерін түсіндіру;
- түзете-дамыту жұмысын ұйымдастыруда цифрлық және ассистивті технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін көрсету;
- дефектологиялық қызмет сапасын бағалау және ішкі мониторинг жүргізу қағидаларын меңгерту;
- пәнаралық команда құрамында кәсіби өзара әрекеттесу мен тиімді коммуникация дағдыларын дамыту;
- дефектолог маманның кәсіби рефлексиясы мен үздіксіз кәсіби дамуына негіз қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

- дефектологиялық қызметтегі заманауи теориялық бағыттар мен олардың практикалық маңызын түсінеді;
- балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалаудың ғылыми негіздерін меңгереді;
- жеке даму бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың теориялық құрылымын қолдана алады;
- түзете-дамыту жұмысында цифрлық және ассистивті технологияларды қолданудың маңызын негіздейді;
- дефектологиялық қызметтің тиімділігін бағалау және балалардың даму динамикасын талдау дағдыларын көрсетеді;
- кәсіби рефлексия жүргізіп, өз қызметін жетілдіруге бағытталған теориялық негізделген шешімдер қабылдай алады.

Модуль тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
--------------------	---------	------------

<p>1.1-тақырып Дефектологияның заманауи тұжырымдамалары мен даму үрдістері</p>	<p>Дефектология ғылымының негізгі бағыттары, даму үрдістері, инклюзивті білім беру принциптері мен заманауи зерттеу әдістері</p>	<p>Тыңдаушылар дефектология ғылымының заманауи бағыттарын, инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын түсінеді және оларды кәсіби қызметінде қолдана алады</p>
<p>1.2-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау және дефектологтың кәсіби рөлі</p>	<p>Балалардың даму ерекшеліктерін анықтау әдістері, диагностикалық құралдар, дефектологтың интервенциялық және бағалау рөлі</p>	<p>Тыңдаушылар балалардың даму ерекшеліктерін кешенді диагностикалау әдістерін меңгереді, дефектологтың диагностикалық және түзете-дамыту үдерісіндегі кәсіби рөлін тиімді жүзеге асырады</p>
<p>1.3-тақырып Жеке даму бағдарламаларын (ЖДБ, ИОП) әзірлеу және жүзеге асыру</p>	<p>Жеке даму бағдарламаларының құрылымы, мақсаттары, мазмұны мен түзету-дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдері.</p>	<p>Тыңдаушылар жеке даму бағдарламаларын әзірлей алады, оларды практикада іске асырады және балалардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлайды</p>
<p>1.4-тақырып Балалардың түзете-дамыту жұмысы мен педагогикалық қолдауды ұйымдастырудағы цифрлық және ассистивті технологиялар</p>	<p>Цифрлық құралдар мен ассистивті технологияларды қолдану арқылы түзете-дамыту жұмысының тиімділігін арттыру әдістері</p>	<p>Тыңдаушылар цифрлық және ассистивті технологияларды түзете-дамыту жұмысында тиімді қолданады, педагогикалық қолдау сапасын арттыруға бағытталған заманауи құралдарды пайдалана алады</p>
<p>1.5-тақырып Балалардың даму сапасын басқару және ішкі бағалау жүйесі</p>	<p>Даму сапасын бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу, ішкі бақылау және кері байланыс жүйелерін ұйымдастыру</p>	<p>Тыңдаушылар балалардың даму сапасын бағалау критерийлерін қолданады, мониторинг жүргізеді және ішкі бағалау жүйесін ұйымдастырады</p>

1.6-тақырып Пәнаралық команда құрамында жұмыс істеу және адами ресурстарды тиімді басқару	Командалық жұмыс әдістері, әріптестермен өзара іс-қимыл, педагогикалық және психологиялық қолдау тәсілдері	Тыңдаушылар пәнаралық командада тиімді жұмыс істейді, педагогтармен, психологтармен және ата-аналармен өзара ынтымақтастық орната алады
1.7-тақырып Тиімді коммуникация, кәсіби ынтымақтастық және конфликтология негіздері	Кәсіби қарым-қатынас, тиімді коммуникация, педагогикалық ұжымда конфликтілерді басқару дағдылары	Тыңдаушылар кәсіби коммуникация дағдыларын меңгереді, педагогикалық ортадағы конфликтілерді конструктивті шешу тәсілдерін қолдана алады.
1.8-тақырып Балалардың даму динамикасын талдау және деректерге негізделген түзету жұмысы	Даму көрсеткіштерін талдау, деректерді қолдану арқылы түзету-дамыту іс-әрекеттерін жоспарлау	Тыңдаушылар балалардың даму динамикасын талдайды, алынған деректерге сүйене отырып түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлайды және түзетеді
1.9-тақырып Дефектолог маманның кәсіби рефлексиясы және өзара тәжірибе алмасу	Кәсіби тәжірибені талдау, өзін-өзі бағалау, рефлексия әдістері және әріптестермен тәжірибе алмасу	Тыңдаушылар кәсіби рефлексия жүргізеді, өз тәжірибесін талдайды және әріптестермен тиімді тәжірибе алмасады
1.10-тақырып Балалардың даму ерекшеліктерін және дефектологиялық қызмет тиімділігін диагностикалау құралдары	Дефектологиялық қызметтің сапасын бағалайтын диагностикалық құралдар, әдістемелік ұсыныстар, интервенциялық көрсеткіштер	Тыңдаушылар дефектологиялық қызметтің тиімділігін бағалау құралдарын қолданады, диагностикалық нәтижелер негізінде кәсіби шешімдер қабылдай алады

2–Модуль Вариативті. «Мектептегі дефектологиялық қызметтің инновациялық тәсілдері».

Модульдің өзектілігі: Инклюзивті білім беру кеңістігінің дамуы дефектологиялық қызметтің мазмұнын жаңартуды, түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда инновациялық тәсілдер мен икемді модельдерді қолдануды талап етеді. Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс

барысында стандартты әдістермен қатар, дербестендірілген, икемді және технологияға негізделген түзету стратегияларын енгізу маңызды болып отыр.

Бұл модуль мектептегі дефектологиялық қызметті ұйымдастыруда инновациялық, икемді және инклюзивті тәсілдерді меңгертуге, дефектолог мамандардың кәсіби бастамашылдығы мен көшбасшылық әлеуетін арттыруға бағытталған.

Модульдің міндеттері:

- мектептегі дефектологиялық қызметті ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер мен заманауи модельдерді таныстыру;
- икемді түзете-дамыту модельдерін практикада қолданудың теориялық негіздерін меңгерту;
- инклюзивті көшбасшылық қағидаларын дефектологиялық қызметке енгізу жолдарын көрсету;
- инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастырудағы дефектологтың кәсіби ролін айқындау;
- балалардың даму ерекшеліктерін қолдауда мотивациялық орта қалыптастыру әдістерін меңгерту;
- дефектологиялық қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін инновациялық шешімдерді әзірлеу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

Модульді аяқтаған тыңдаушылар:

- мектептегі дефектологиялық қызметті ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдердің мәнін түсінеді;
- икемді түзете-дамыту модельдерін балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес қолдана алады;
- инклюзивті көшбасшылық элементтерін кәсіби қызметінде пайдаланады;
- инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлай алады;
- балалардың оқу-даму үдерісіне оң мотивациялық орта құрудың тиімді әдістерін қолданады;
- дефектологиялық қызметті жетілдіруге бағытталған инновациялық идеялар мен жобаларды ұсына алады.

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
2.1-тақырып Икемді түзете-дамыту	Икемді интервенциялық модельдерді қолдану, балалардың	Тыңдаушылар икемді түзете-дамыту модельдерін практикада қолданады,

модельдері және инклюзивті көшбасшылық	ерекше қажеттіліктерін қолдауда инклюзивті көшбасшылық	балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қолдауда инклюзивті көшбасшылық дағдыларын көрсетеді және пәнаралық команданы тиімді ұйымдастыра алады.
2.2-тақырып Инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыру, мотивация және тұрақты даму	Инклюзивті мектепте мәдени құндылықтарды қалыптастыру, балалар мен педагогтарды ынталандыру, тұрақты даму принциптері	Тыңдаушылар инклюзивті мектеп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жоспарлайды, балалар мен педагогтердің мотивациясын арттыру тәсілдерін қолданады және дефектологиялық қызметтің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті болады

3 – Модуль. Микрооқыту. Дефектологиялық қызметтегі практикалық іс-әрекет және кәсіби тәжірибе алмасу

Модульдің өзектілігі: Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында дефектолог маманның кәсіби тиімділігі тек теориялық біліммен емес, оны нақты педагогикалық жағдаяттарда қолдана алуымен айқындалады. Балалардың даму ерекшеліктерінің алуан түрлілігі, білім алушылардың жеке қажеттіліктері және ата-аналармен, педагогтермен өзара әрекеттесу қажеттілігі дефектологтан икемді, тәжірибеге негізделген кәсіби шешімдерді талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда микрооқыту технологиясы дефектологтардың кәсіби құзыреттерін дамытуда өзекті болып табылады. Микрооқыту қысқа мерзімді, нақты мақсатқа бағытталған практикалық тапсырмалар арқылы түзете-дамыту жұмысының тиімді әдістерін меңгеруге, кәсіби рефлексия жасауға және әріптестер арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Модульдің міндеттері:

- дефектологиялық қызметте қолданылатын түзете-дамыту әдістерін практикада тиімді пайдалануға үйрету;
- нақты балаларға арналған түзете-дамыту сабақтарының құрылымын жоспарлау және өткізу дағдыларын қалыптастыру;

– диагностикалық деректер негізінде педагогикалық шешім қабылдау қабілетін дамыту;

– кәсіби рефлексия, өзін-өзі бағалау және өзара кері байланыс мәдениетін қалыптастыру;

– дефектологтардың кәсіби тәжірибе алмасуын және ынтымақтастығын нығайту.

Күтілетін нәтижелер:

Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

– дефектологиялық қызметте микрооқыту технологиясын тиімді қолдана алады;

– түзете-дамыту жұмыстарының нақты кейстерін әзірлеп, іске асырады және талдайды;

– балалардың даму динамикасына сәйкес кәсіби шешімдер қабылдай алады;

– әріптестерімен кәсіби тәжірибе алмасып, конструктивті кері байланыс береді;

– өз кәсіби қызметіне жүйелі рефлексия жасап, түзете-дамыту жұмысының сапасын арттыру жолдарын айқындайды;

– дефектологиялық қызметтің практикалық тиімділігін арттыруға бағытталған кәсіби құзыреттерін көрсетеді

Модульдің тақырыптары	Мазмұны	Нәтижелері
1.1 тақырып Заманауи дефектологиялық тәсілдер негізінде практикалық кейстерді әзірлеу, іске асыру және талдау	Тыңдаушылар нақты кейстерді әзірлеп, жүзеге асырады, тәжірибелік талдау жасайды, өзара бағалау және кері байланыс арқылы кәсіби дағдыларын жетілдіреді	– дефектологиялық қызметте кездесетін нақты жағдайлар бойынша практикалық кейстерді өз бетінше әзірлей алады; түзете-дамыту және педагогикалық қолдау жұмыстарын тиімді жоспарлап, жүзеге асырады; балалардың даму динамикасын талдап, алынған нәтижелерге сәйкес түзету жұмыстарын жетілдіреді; кәсіби рефлексия жүргізіп, ұсыну және қабылдау дағдыларын меңгереді

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау курстың барысында – формативті бағалау, сондай-ақ курсты аяқтағаннан кейін бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде әзірлеуші белгілеген формада жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Бұл практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырмалар жүйесін орындау түрінде өткізіледі.

Формативті бағалау әрбір зерттелетін модульдер бойынша тест тапсырмаларын және тыңдаушылардың әртүрлі практикалық тапсырмаларды талдау, синтездеу, бағалау деңгейлерінде орындауын қамтиды.

Тапсырмалар, орындауға арналған ұсыныстар, орындау үлгілері, өзін-өзі тексеру эталондары, тапсырмаларды бағалау критерийлері оқу-әдістемелік кешенге енгізілген.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық және жеке сұраныстар бойынша кеңес береді.

Суммативті бағалаудемо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т.б. түрінде өткізілуі мүмкін.

Курс тыңдаушыларының жұмысы нәтижеге қарай бақылау және тест тапсырмаларын орындау, таныстырылымды қорғау, сондай-ақ арнайы тақырыптар бойынша берілетін практикалық жұмысты орындау деңгейіне байланысты бағаланады.

Қорытынды аттестация тестілеу түрінде өтеді. Жалпы сұрақтар саны – 15 тест тапсырмасын құрайды.

Біліктілікті арттыру курсы аяқтағаны туралы сертификат курс бойынша қорытынды тестілеуінің кем деген ұпай санының 50% жинаған жағдайда беріледі.

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұндық пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A, -A	3,67 - 4,00	94 – 100	Өте жақсы
B, -B, +B, +C	2,33 - 3,33	74 – 85	Жақсы
C, -C, D, +D	1,00 - 2,00	50 – 65	Қанағаттанарлық
F	0,00	0 – 49	Қанағаттанарлықсыз

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін таныстырылым өткізіледі.

Мақсаты: педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсы барысында меңгерген басқарушылық, көшбасшылық, стратегиялық және цифрлық құзыреттерін анықтау және олардың кәсіби даму деңгейін нақты бағалау. Бағалау келесі міндеттерді шешуге бағытталған.

Бағалау тапсырмасы:

- Тапсырма: Таныстырылым

- Ұзақтығы: 5–7 минут
 - Слайд саны: 5-тен артық емес
 - Міндеті: Оқу бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижесінде алынған білім мен инновациялық тәсілдерді қысқа презентация арқылы көрсету.
- Бағалау критерийлері:

Критерий	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл
Дәлелдемелердің сапасы	Дәлелдемелер ұсынылмаған	Дәлелдемелер әлсіз	Дәлелдемелер күшті	Дәлелдемелер өте күшті, нақты және сенімді
Инновациялық тәсілдерді қолдану	Қолданылмаған	Әлсіз қолданылған	Қолданылған	Өте тиімді қолданылған
Құрылым мен логика	Жоспарсыз, түсініксіз	Әлсіз құрылымдалған	Жақсы құрылымдалған	Өте жүйелі, логикалық байланысы бар
Слайд мазмұны мен көрнекілігі	Мазмұн жоқ немесе жеткіліксіз	Әлсіз, ақпарат толық емес	Жақсы, негізгі ақпарат қамтылған	Өте көрнекі, қысқа әрі нақты ақпаратпен
Уақытты сақтау және жеткізу мәнері	Уақытты сақтамады, мәнері нашар	Әлсіз, уақытқа сәйкес емес	Жақсы, уақытқа сай	Өте тиімді, уақытқа сай және мәнері жоғары

Максималды балл: 15

Қорытынды бағалау:

- 0–5 балл: Қабілет төмен, қосымша қолдау қажет
- 6–10 балл: Орташа деңгей, кейбір аспектілерді жетілдіру қажет
- 11–15 балл: Жоғары деңгей, модульді меңгергенін көрсетеді

9. Курстан кейінгі қолдау

Мұғалімдерін курстан кейінгі қолдауы 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең

Тақырыпты таңдау, кәсіби дамуының мақсаттарын анықтау, іс-шара әзірлеу кезінде куратордан кеңес беру. Кеңес беру электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), Zoom, Teams платформалары арқылы жүзеге асырылады.

2 кезең

Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бойынша кеңес беру және тәжірибе алмасу.

3 кезең

Мұғалімдерінің құзыреттіліктерінің дамуы мен кәсіби өсуін талдау және бағалау.

Тыңдаушыларға курстан кейінгі қолдау шараларының тізімі ұсынылады. Олар осы тізімнен өздерінің жеке жоспарына қосылатын шараларды таңдайды.

№	Іс-шаралар	Аяқтау формасы
1	Тыңдаушылардың курстан кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде жоспарлау	Дефектологтардың кәсіби құзыреттерін дамыту үшін жеке траекториясын оқу курстарынан кейінгі тәжірибеде Google кестесінде жоспарлау
2	Жеке консультациялар өткізу	Консультация тақырыбы бойынша ұсыныстар
3	Мұғалімдеріне арналған іс-шараларға қатысу	Бақылау парағы
4	Дефектологтардың бастамасымен вебинарлар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар
5	Дефектологтардың бастамасымен мастер-класстар өткізу (оқытушының әдістемелік қолдауымен)	Жоспар, материалдар, ұсыныстар

6	Зерттеу нәтижелерін БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда жариялауы (оқытушымен бірге)	БАҚ, ғылыми-әдістемелік басылымдарда, желілік ресурстарда мақала
---	--	--

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың әдістемелік ұсынымдары. – Астана, 2021.
2. 16. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қағидалары. – Астана, 2023.
3. Сүлейменова Р.А. Инклюзивті білім беру: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Қараева Л.М., Баймұратова Б.С. Арнайы педагогика және дефектология негіздері. – Алматы: Эверо, 2020.
5. Төлегенова Г.К. Балалардың даму ерекшеліктерін диагностикалау әдістемесі. – Алматы: Ұлағат, 2022.
6. Коробейникова И.А. Современная дефектология: диагностика и коррекционная работа. – Москва: Академия, 2021.
7. Малофеев Н.Н. Инклюзивное образование: новые подходы и практики. – Москва: Просвещение, 2020.
8. Шипицына Л.М. Комплексное сопровождение детей с ООП. – Санкт-Петербург: Речь, 2022.
9. Florian L. Inclusive Education: Global Issues and Perspectives. – London: Routledge, 2020.
10. Ainscow M. Promoting Inclusion and Equity in Education. – UNESCO Publishing, 2021.

Қосымша әдебиеттер:

1. Slee R. Inclusive Education Isn't Dead, It Just Smells Funny. – London: Routledge, 2022.
2. Friend M., Cook L. Interactions: Collaboration Skills for School Professionals. – Boston: Pearson, 2021.
3. Smith T.E.C., Polloway E.A. Teaching Students with Special Needs. – Boston: Pearson, 2020.
4. Turnbull A. Families, Professionals, and Exceptionality. – New York: Pearson, 2022.

5. Loreman T. *Pedagogy for Inclusive Education*. – New York: Routledge, 2021.
6. UNESCO. *Global Education Monitoring Report: Inclusion and Education*. – Paris, 2020.